

12 қараша
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«АТЫМТАЙ» АҒАЛАРДЫҢ АНАЛАРҒА СЫЙЫ

ТҰТҚИЛДАН КЕЛГЕН ТАСҚЫН СУ БАРЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ЕСІМІЗДЕ БОЛАР. АУДАНЫМЫЗДЫ ӨБИГЕРГЕ САЛҒАН СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ САЛДАРЫН ЖОЮ ӨЛІ ДЕ ЖАЛҒАСЫП КЕЛЕДІ. ТАБИҒИ АПАТТАН ЗАРДАП ШЕККЕН ХАЛЫҚҚА КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ АУДАНЫМЫЗДЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІ ДЕ КҮШ БІРІКТІРДІ. ЖОМАРТ ЖАНДАР ҚАУІП СЕЙІЛГЕН СОҢ ДА КӨМЕК КӨРСЕТУЛЕРІН ТОҚТАТҚАН ЖОҚ.



Көктемгі су тасқыны кезінде ауданымыздың ауылдары зардап шеккенін барлығымыз ұмыта қойған жоқпыз. Қарғын судан Қаратал ауылының өзінде 210 үй жарамсыз болып қалды. Осы бір аралықта табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға жан-жақты қолдау көрсететін штаб құрылып, тасқын салдарын жою барысында жұмыстар атқарылды. Зардап шеккен жерлестерімізге қаржылай көмек беріліп, жаңа баспаналар салынды. Көрсетілген көмекке халқымыз дән риза. Қазіргі уақытта төтенше

жағдайға байланысты штаб жұмысын аяқтады. Алайда, шешуін таппай қалған мәселелер де бар. Өздерінің үйлері болмағандықтан, ағайындарын сағалап жүрген 4 балалы ана Гүлжан Сарбалина және 3 балалы ана Сара Майко баспанаға қол жеткізе алмаған болатын. Жалғыз басты аналардың жан айқайын естіген ауданымыздың жомарт жандары жерлестерімізге қаржылай көмек беріліп, жаңа баспаналар салынды. Көрсетілген көмекке халқымыз дән риза. Қазіргі уақытта төтенше

лерінің демеушілігімен Қаратал ауылынан жалғызбасты аналар Гүлжан Сарбалина және Сара Майко қаржылай көмекке ие болды. Қолұшын созған ауданымыздың кәсіпкерлері. Жомарт жандардың аманатын арқалай келген бір топ азамат көрсетілген көмектің сертификатын мұқтаж аналарымыздың қолдарына өткен сенбі күні аудан әкімдігінде табыс еткен-ді. Көрсетілген көмекке риза болған аналар қиын сәтте қол ұшын созған жандарға жылы лебіздерін арнап, алғыстарын жеткізді. Осыған дейін

де ауданымыздың қолы ашық, жомарт жандары су тасқынынан зардап шеккен жерлестерімізге көмектерін барынша көрсетіп келеді. Жақынын сын сәтте жалғыз қалдырмайтын, қолынан келгенін аямайтын кәсіп иелерін бүгінгі күннің Атымтай Жомарттары десек қателеспейміз. **Р. С. Дүйсенбі күні екі азаматшаның атына «Отбасы банкінен» есепшоттары ашылып, баспана алуға алғашқы жарна ретінде салынды.** Әділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.

ҚАРАТАЛДАҒЫ «АУЫЛТЕЛЕКОМ» ЖАҢА БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ ІРІ БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ «ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АУЫЛДАРДА ЖЕЛІНІ ДАМУТУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДА. ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНА «АУЫЛТЕЛЕКОМ» АТАУЫМЕН СЫМСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛІН ҚОЛДАНУДА.

«Біз ауылдағы пайдаланушылардың қажеттіліктерін жақсарту үшін ауылдық байланыс қызметтерін көрсету тәсілдерін қайта қарастырамыз. Соның ішінде, біз Қаратал ауылында Kcell мобильді серіктесінің пакеттік ядросы мен сервистік өнімдерін пайдалана отырып, жаңа архитектуралық шешімде FWA тәсіліне іске қостық. Ауылда 100-ге жуық үй бар. Үйлерді интернет желісіне қосу жүріп жатыр. Бұған дейін тек ADSL технологиясы қолжетімді болды. Ауылдың өртүрлі бөліктерінде қосылу жылдамдығы 40 Мбит/с-қа жетті, бұл бізге қазір қолжетімді шектеулі жиілік диапазонында жақсы нәтиже болып

тұр. Егер ауылдарда ұялы байланыс операторлары пайдаланбайтын жиіліктердің кең ауқымы болса, біз одан да жоғары жылдамдық пен сыйымдылықты қамтамасыз ете алатынымызға сенімдіміз. «Ауылтелеком» жаңа бастамасының алғашқы нәтижелері. Алда бізді басқа ауылдарда тағы бірнеше маңызды сынақтар күтіп тұр, олардың қорытындысы бойынша біз ауылдағы пайдаланушыларға қосылу және қызмет көрсету технологиялары мен механизмне түпкілікті көзқарасты анықтаймыз, - дейді «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының инновациялар жөніндегі бас директоры Нұрлан Мейірманов.



ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Екпетау ауылының тұрғындары!
2024 жылдың 15 қараша күні сағат 16.00-де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылы Шұғыла мәдениет және демалыс орталығында Шернияз көшесі № 36 мекен-жайында Ойыл ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.
Күн тәртібіндегі мәселе:
«Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы әкімшілік – аумақтық құрылыс туралы заңының 11 және 14 баптарына сүйеніп отырып Екпетау ауылын тарату туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ
Аудандық «Ойыл» газетінің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 38 санды газетіне қосымша.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ
2025 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ
65525	ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА	3515,22
66525	ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА	6796,86
67525	ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА	3070,90

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ЖАРАУСЫН!

АЙКӨРКЕМ — ЧЕМПИОН!

Оқушылардың каникул уақыты әртүрлі білім байқаулары мен спорттық жарыстардың өтетін кезі. Биылғы күзгі каникул уақыты да ойылдық оқушылар үшін әртүрлі деңгейдегі дүбірлі додаларға толы болды. Жуырда ғана Диас Амангелдінің волейболдан облыс құрамасы сапында республика біріншілігінде топ жарғанын жеткізген едік. Іле-шала Атыраудан да аққолтай жаңалық жетті. Яғни, Атырау қаласындағы «Жайық» спорт кешенінде дзюдодан «MAGAUYA Open CUP3» атты жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында республикалық турнир өткен болатын. Атаулы турнирге Ойыл аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен 2 оқушы қатысып, бақтарын сынады. Нәтижесінде Айкөркем Сағынова жасөспірімдер арасындағы бәсекеде 34 кг салмақ дәрежесінде қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, чемпион атанды. Осы тұста Айкөркемді талай жылдан бері биік бәсекелерге дайындап жүрген жаттықтырушысы Азат Әлімжанұлының ерен еңбегін айта кеткен жөн.

Г.БАЙЫҚЫЗЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ УАҚЫТЫЛЫ РЕСІМДЕУ ҮШІН...

Егер сізде БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтарыңыз бар болса, зейнетақы төлемдерін кесте бойынша алу туралы келесіні білуіңіз керек:

Зейнетақы төлемдерін кім және қашан ала алады?

Ерлер: 63 жастан бастап. Әйелдер: 61 жастан бастап (2024 жылы).

Қайда жүгіну керек?

Егер сіз зейнет жасына жеткен болсаңыз:

•Тұрғылықты жеріңіз бойынша ХҚКО-ға (Халыққа қызмет көрсету орталығына) хабарласыңыз.

•Зейнет жасына жеткенге дейін 10 күн бұрын құжаттарды тапсыруға болады.

Егер сізде мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік болса:

•БЖЗҚ бөлімшелеріне хабарласыңыз немесе enpf.kz

ДЛЯ (ВОЕВРЕМЕННОЕ) ОФОРМЛЕНИЕ ПЕНСИИ

Если у вас есть пенсионные накопления в ЕНПФ, вот что нужно знать о получении пенсионных выплат по графику:

Кому и когда можно получить пенсию?

Мужчины: с 63 лет. Женщины: с 61 года (в 2024 году).

Куда обращаться?

Если вы достигли пенсионного возраста:

•Обращайтесь в ЦОН (Центр обслуживания населения) по месту жительства.

•Можно подавать документы за 10 дней до достижения пенсионного возраста.

Если у вас инвалидность первой или второй группы (бессрочно):

•Обращайтесь в подразделение ЕНПФ или подайте заявление через личный кабинет

сайтындағы/БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинет арқылы өтініш жіберіңіз.

SMS-хабарламалар: Мобильді азаматтар базасында тіркелген болашақ зейнеткерлер зейнет жасына жеткенге дейін 2 ай бұрын қажетті құжаттар туралы ақпарат берілген SMS-ті Мемлекеттік корпорацияның 1414 нөмірінен алады.

БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТТЕР:

БЖЗҚ зейнет жасына толған, бірақ әлі төлем алуға өтініш бермеген азаматтарға анықтау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен жыл сайынғы салыстырып тексеру жұмысын жүргізеді. Егер осы талаптарға сай болсаңыз, сізге зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі туралы хабарлама автоматты түрде жіберіледі.

на сайте enpf.kz/в мобильном приложении ЕНПФ. SMS-уведомления:

Будущие пенсионеры, зарегистрированные в базе мобильных граждан, получают SMS от Госкорпорации с номера 1414 за 2 месяца до достижения пенсионного возраста с информацией о необходимых документах

ПРОАКТИВНЫЕ УСЛУГИ:

ЕНПФ проводит ежегодную сверку с Государственной корпорацией «Правительство для граждан», чтобы выявить граждан, достигших пенсионного возраста, которые ещё не обратились за выплатами. Если вы попадаете под эти критерии, вам автоматически будут направлены уведомления о возможности получения пенсионных выплат.

Зиянды еңбек жағдайында қызмет ететін жұмысшыларға арналған зейнетақы төлемдері



Егер сіз 55 жасқа толсаңыз, онда сіз міндетті кәсіби зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ала аласыз. Ол үшін сіздің жұмыс берушіңіз зиянды еңбек жағдайындағы қызметіңіз үшін 84 айдан астам уақыт бойы МКЗЖ аударған болуы тиіс. 55 жастан бастап төлемдерді алу үшін, зиянды еңбек жағдайындағы қызметті тоқтату, немесе зиянды факторлар

дың әсері болмайтын басқа жұмысқа ауысу қажет. Зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жұмыс берушіге еңбек келісімшартын тоқтату немесе басқа жұмысқа ауысу туралы өтініш беру жеткілікті. 2024 жылдың 1 қаңтарына дейін зиянды еңбек жағдайында жұмыс істемегендер, бірақ 55 жастан асқан және 84 айдан астам уақыт бойы төленген МКЗЖ бар азаматтар ХҚКО-ға жүгіне алады.

ПЕНСИОННЫЕ ВЫПЛАТЫ ДЛЯ РАБОТНИКОВ

с вредными условиями труда Если вам исполнилось 55 лет, вы можете получить пенсионные выплаты из ЕНПФ благодаря обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ). Это возможно, если вы работали в общей сложности перечисляя ОППВ за работу во вредных условиях не менее 84 месяцев. Чтобы начать получать выплаты с 55 лет, нужно либо прекратить работу в вредных условиях, либо перейти

на другую должность, где нет воздействия вредных факторов. Для назначения пенсионных выплат достаточно подать заявление работодателю о расторжении трудового договора или переводе на другую работу. В ЦОН могут обратиться те, кто достиг 55 лет и у кого есть не менее 84 месяцев ОППВ, при этом они не работали во вредных условиях на 1 января 2024 года.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Конго-Қырым геморагиялық қызбасы (КҚГК) – кене арқылы берілетін вирус тудыратын ауру.

Вирустың резервуарына майда жабайы құрт құмырсқалар жатады: орман тышқаны, кішкентай сарышұнақ, русақ-қояны, кірпі. Кенелер вирусты тасымалдаушы және сақтаушылар.

Көбінесе адам вирусты кене шаққанда, вирус ағзаға тері арқылы енгенде жұқтырады. Сондай-ақ, адам кенелерді жаншығанда, вирус денеге микрожарықтар мен терідегі жаралар арқылы енген кезде де жұқтыруы мүмкін. Инкубациялық кезең (ауру белгілерінің жасырын кезеңі) ұзақтығы 1 және 14 күн аралығында. Дене температурасы тез көтеріледі, аурудың жеңіл түрінде де дене температурасы 39-40 градус болады, интоксикация белгілері, әлсіздік, бастың ауыруы, дененің қақсап ауыруы, бұлшық ет пен буындардың ауыру белгілері көрінеді.

АЛДЫН-АЛУ ЖОЛДАРЫ:

-кене шағуының алдын-алу -алаңды өңдегеннен (дезинсекция) кейін ғана лагерь құру керек.

-саябаққа немесе саяжайға барған кезде жабық киім киген жөн, шашыңызды бас киімнің немесе орамалдың астына жинаңыз.

-табиғатта демалып келгеннен кейін киімдерін шешкеннен кейін денені, шашты, бас терісін, қолтық асты, құлақтың артындағы жерлерін жабысып қалатын кенелердің бар жоғын тексеріңіз.

Бөлмеге бірден гүлдерді, бұтақтарды, аңшылық олжаларды әкелмеген дұрыс.

Бүйрек синдромымен жүретін геморагиялық қызба

Бүйрек синдромымен жүретін геморагиялық қызба табиғи ошақты ауру. Ауру көзі кеміргіштер мен улы жәндіктер. Қазақстанда негізгі таратушыларға орман тышқаны, егеуқұйрық және басқа кеміргіштер жатады. Олар симптомсыз инфекцияны зәр және дәретпен таратады. Сол аумақта шанды жұтқанда,гүл иіскегенде, су ішкенде ауру вирустарын жұқтырады. Инкубациялық кезеңі (жасырын кезеңі) 10-45 күнге созылады. Ауру дене температурасының жедел жоғарылауымен 39-41 градус интоксикациямен басталып бас ауруымен қосылады, аузының құрғауы, көрудің нашарлауы, белінің ауыруы, құсу белгілері байқалады. Белгілер пайда болған кезде медициналық ұйымға шұғыл түрде жүгіну керек.

Аса қауіпті инфекциялық аурулардың қи-қоқысқа (мал өлекселеріне) жиналатын кеміргіштер арқылы таралатынын ескере отырып елді мекендер аумағындағы белгіленбеген жерлерге, тұрғын үйлердің аумақтарына, ауылдың айналасында төгілген қи-қоқыс, мал өлекселерінен уақытында тазартылуы қажет екенін ескертеміз.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

КҮНКӨРІС МИНИМУМЫ: ҚАЗАҚСТАНДА КЕДЕЙЛІКПЕН КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Өткен айда Ұлттық экономика министрлігі Қазақстанның 2025-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын жариялады. Құжатта елдегі кедейлік деңгейін төмендету үшін әлеуметтік стандарттарды қайта қарау қарастырылған. Межеге сенсек, 2029 жылы орташа айлық жалақы 573 мың теңге, ең төмен зейнетақы 82 мың теңге, ең төмен күнкөріс деңгейі 56 мың теңге шамасында болмақ. Бұл қадам кедейлік деңгейін түсіруге көмектесе ме? Мәселені шешудің балама жолы қайсы? Осындай сауалдарға жауап іздеп көрдік.

Халықтың 5,1 пайызы - кедей Алдымен тақырыпты деректен бастайық. 2024 жылы ең төменгі жалақы – 85 мың теңге, ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге, ең төменгі күнкөріс минимумы – 43 407 теңге, орташа жалақы 403 251 теңгені құрады. Биылғы министрлік болжамына шамалас. Десе де аталған сан нақты жағдайда қандай нәтиже беретіні белгісіз. Инфляция деңгейі мен билік жоспары қабыспауы да мүмкін. Мәселе осында болып тұр. Себебі Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бір жыл ішінде қызметтер құны – 13,6%, азық-түлік емес тауарлар – 7,6%, азық-түлік 5,1% қымбаттаған.

Оның үстіне биыл I тоқсанда ел азаматтарының 4,6 пайызы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыс табатыны айтылса, II тоқсанда халықтың 5,1 пайызы кедей екені белгілі болды. Әсіресе, Түркістан, Маңғыстау, Жетісу, Абай, Жамбыл облыстарында әлеуметтік осал топтағылар көп. Мұнда кедейлік деңгейі 5-7 пайыздың айналасында. Ал Дүниежүзілік банктің зерттеуіне сенсек, қазақстандықтардың 14,6 пайызы, басқаша айтсақ, 2,9 млн адам кедей. Елішілік статистикадағы 5,1 пайыз көрсеткіштен 3 есеге жуық жоғары. Неліктен? Сарапшылар мемлекет кедейлік деңгейін саралауда сауална-

малық әдісті ұстанатынын айтты. Ұлттық статистика дерегінен де дәлелді байқау қиын емес: Тоқсан сайын 12 мыңға жуық үйде сауалнама жүргізіп, ортақ статистикаға біріктіреді.

Осы орайда қоғам белсенділері мемлекет кедейлікпен күресте теңге бағамы мен халықаралық стандарт секілді бірнеше факторды есепке алмай отыр деген ойда. Экономист Әнуар Нұртазиннің пікірінше, мұнай нарығы да кедейлікпен күрес жоспарының тиімсіз тұсын көрсетуі ықтимал.

— Әлеуметтік саладағы бес жылдық жоспарды топ басу қиын. Себебі біздің экономика шикізат саудасына әрі ондағы баға саясатына тәуелді. Әлеуметтік төлемдер индикаторы еркін нарық бағытына сүйенгендіктен, бақылау оңай емес. Мәселен, Қазақстандағы нарық бағасы мұнай бағамына, халықаралық валюта қорының әрекетіне қарай құбылады. Қазір Таяу Шығыстағы жағдай мұнай бағасын тұрақты деңгейде ұстауға кедергі, ХВҚ (Халықаралық валюта қоры – ред.) өзіне жайлы позициясын тықпалауда. Сондықтан төлемдерді көтерумен мәселе шешілмейді, дербес экономиканы құру ғана оңтайлы жол болмақ. Президенттің Үкіметке макроэкономиканы дамытуды тапсыруы осы мәселеден туындады, – дейді сарапшы.

Сондай-ақ кедейлік шегін белгілеуде халықаралық норманы назарға алу кемшін екені көп айтылады. Қазір елдегі кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-на тең, яғни 30 385 теңге. Бұл ғаламдық ұйымдар белгілеген көреткіштен анағұрлым төмен. Мысалы, Дүниежүзілік банк айлық табысы 205,5 доллардан (100 мың теңге шамасында) кем адамды кедейлік шегінде деп таныса, БҰҰ бұл тізімге айына 150 доллардан (73 мың теңге шамасында) аз табысы барларды қосқан. Қазақстандағы 30 385 теңге аталған деңгей-

дің жарымына да жетпейді. қолданады. Жауапты мини-



Инфографика: Kazinform Бүгін әрбір бесінші қазақстандық мемлекеттен әлеуметтік қолдау алып жатыр. Сол үшін әлеуметтік көмек беру үшін кедейлік шегі күнкөріс деңгейі арқылы емес, медиандық табыс мөлшерінде анықтау мәселесі оқтын-оқтын көтеріледі. Себебі аталған табыс мөлшері – адамдардың орташа табысын есептеуде ең қолайлы тетік. Төлем сомасын көбейтуге де мүмкіндік береді. Мысалы, өткен жылы Қазақстандағы медиандық табыс 223 792 теңге болса, биыл 285 677 теңгеге жеткен болатын. Бұл практиканы Еуроодақ пен Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы қатар

стрлік қоғам талабын түсініп, келер жылдан бастап аталған жүйеге көшпек. Әзірге кедейлік шегі медиандық табыстың қанша пайызы шеңберінде белгіленетіні белгісіз, алайда бүгінгі деңгейден біршама жоғары болары анық. Кедейлікпен күрестің тиімді жолы көп. Әнуар Нұртазиннің сөзінше, жұмыспен қамтуды жүйелеу, кәсіпкерлік бағдарламаларды көбейту, салық жеңілдіктерін қарастырудан бөлек, аудан және елді мекендерге басымдық беру маңызды. Шалғай аудан мен ауылда жұмыс орнын ашпай, әлеуметтік салада ілгерілеу қиын. Сонымен қатар инфляциямен күресті монетарлы әдіспен емес,

ұсынымы экономикасына сүйене жүргізу келешек бағдарға ықпал етпек.

– Орташа айлық жалақы, ең төмен зейнетақы мөлшерін аталған деңгейге жеткізуге болады. Алайда биліктің бірнеше факторды есепке алуы орынды. Алдымен теңге бағамын құлдыраудан сақтау қажет, кейінгісі – орташа зейнетақы көлемі орташа жалақының жарымына жеткені жөн. Нақтырақ айтсақ, 45-50 пайыз шамасында болуы керек. Бұл мөлшер халықтың қамсыз өмір сүруі үшін маңызды. Егер біз аталған ережені сақтамасақ, зейнет жасындағылар арасында кедейлікті азайту мүмкін емес, – деді ол. АӘК тығырықтан шығар жол ма?

Кедейлікті күшейтіп тұрған тағы бір олқылық – нарық бағасы. Freedom Finance Global зерттеуіне сүйенсек, қазақстандықтар орташа есеппен ай сайын азық-түлік сатып алуға 113 870 теңге жұмсайды. Демек, әлеуметтік көмек те өл болмай тұр. Кірістің көбі ішіп-жемге кеткенде күнкөрістің қыспаққа алатын белгілі.

– Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, респонденттердің 27,3%-ы айына 50 мың теңгеге дейін, 25,9%-ы айына 75-тен 100 мың теңгеге дейін жұмсайды. Әрбір бесінші респондент (17,2%) осы мақсаттағы 100-ден 150 мың теңгеге дейін, 12% — 50 мыңнан 75 мың теңгеге дейін бөледі. Ал респонденттердің тек 10,4%-ы ғана 150-ден 200 мың теңгеге дейін өнім сатып алуға жұмсайды, 7,2%-ы 200 мың теңгеден жоғары жұмсайды, – деді Freedom Finance Global сарапшысы Аңсар Абуев.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, биыл 372 мың адам атаулы әлеуметтік көмек алған.

Бұл мақсатқа қазынадан 60,5 млрд теңге бөлінген, өткен жылы 69,6 млрд теңге шамасында болғаны есте.

Мемлекет жәрдемі 2020 жылы – 936,2 мың адам, 2021 жылы – 990,5 мың адам, 2022 жылы – 728,7 мың адам, өткен жылы 598,4 мың қазақстандық алған. Сіресекен сан ауқымды көрінгенімен, жан басына шаққанда көрсеткіш көңіл көншітпейді. АӘК көлемі небары 5 538 теңге шамасында – ең төменгі күнкөріс деңгейінен 8 есе аз.

Жалпы атаулы әлеуметтік көмек алушыларды жүйелеу мақсатында отбасының цифрлық картасы енгізілген болатын. Карта 24 ақпараттық жүйеден деректерді алып, 5 санат бойынша әл-ауқатты белгілейді. Жүйеге енген азаматтардың дерегіне көз салсақ, 33 пайызы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз табыс алады. Ел арасында әлеуметтік көмек алу үшін табысын жасыру фактісі барын жоққа шығара алмаймыз.

Азаматтардың нақты табыс мөлшерін анықтауға да сол кедергі. Жауапты органдар да олқылықты айтып, ашықтыққа шақырғаны белгілі. Алайда мұнан нәтиже көрінбейді. Сондықтан қазақстандықтардың нақты табысы туралы мәліметтегі алшақтық көпке дейін шешілмейтін секілді.

Дегенмен бұл ұстаным 2029 жылға дейінгі жеке орындалмайды дегенді білдірмейді. Әнуар Нұртазин әлеуметтік төлемді азаматтардың табыс көлемін елемей-ақ көтеру орынды деп санайды. Себебі халық арасындағы көлеңкелі табыс шешімге әсер ететіндей ауқымды емес.

– Көлеңкелі экономика бар дегенге сенбеймін. Елдің көбі цифрлы жүйеге көшкен. Сауда, тұрмыстық аударымдарды банк қосымшалары арқылы жүргізеді. Сондықтан Мемлекеттік кірістер комитеті барлығын бақылауына мүмкіндік бар. Табысын жасыру фактісі болған күнде оның көлемі жағдайға әсер етпейді, – деді экономист.

Ерсін ШАМШАДИН, «Қазақпарат».

КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯ КҮТПЕЙТІН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІМІ

ӨТКЕН БЕЙСЕНБІ КҮНІ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИННЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН КЕЗЕКТЕН ТЫС ОН СЕГІЗІНШІ СЕССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ ОТЫРЫСЫНА АУДАН ӨКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖӨНЕ ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.

Ауылдық округ әкімдері мен депутаттары zoom платформасы арқылы онлайн режимінде қатысты. Күн тәртібінде бірқатар мәселелер қаралып, талқыланды. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №92 «2024-2026 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы, Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №93 «2024 жылға арналған Ойыл ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов баяндаса, Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы №107 «Ойыл ауданындағы уәкілетті сайлау комиссияларын сайлау туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы Алмат Мусин, аудандық мәслихатының 2024 жылғы 06 мамырдағы №136 «Аудандық жер комиссиясының құрамын және ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төрөмуратов баяндады. Келесі кезекте аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилак-

тикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №172 шешіміне өзгеріс енгізу туралы, аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» №174 шешіміне өзгеріс енгізу туралы, аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Аудан әкімдігі жанындағы көмекке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №176 шешіміне өзгеріс енгізу туралы, Аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №171 шешіміне өзгеріс енгізу туралы, аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Аудан әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» №167 шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Тілепов хабарлады. Ал, аудандық мәслихат депутаты Сайран Саматұлы «Қазақстан халқына» жобасы аясында «Батыр боламын» қоғамдық қорының қолдауымен Көлтоғай ауылында ашылған спорт залды жылу жүйесіне қосу туралы депутаттық сауалын жолдады. Ұсыныс-пікірлер тыңдалып, тиісті шешімдер қабылданғаннан кейін аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясына 12 қарашаға дейін үзіліс жариялау туралы аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин хабарлады. **ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

«ЖАСЫЛ ЕЛДІҢ» ХХ МАУСЫМЫ ҮЗДІКТЕР МАРАПАТ ТӨРІНДЕ



«Жасыл ел» еңбек жасағының ХХ жұмыс маусымының жабылуына орай ұйымдастырылған салтанатты жиын өткен аптада Ақтөбе қаласында өтті. Облыс әкімінің орынбасары Жолдас Нұрланұлы маусымды қорытындылап, жобаның маңыздылығын ерекше атап өтті. Салтанатты шарада жобаға атсалысқан 100 жауынгер алғыс хаттармен марапаттап, Астана қаласына үш күндік саяхатқа жолдам берді. Сондай-ақ, «Атамекен» студенттік құрылыс және «Жасыл ел» еңбек жасақтарының төрағасы Нұржан Құрманғалиұлы еңбек жасағының жанашырларына жиырма жылдық мерейтойға орай «20 жыл JASYL EL AQTOBE» төсбелгілерін табыстады. Оның қатарында Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы, аудандық мәслихат депутаты Жангүл Ізгарина ұзақ жылдардағы еңбегі үшін төсбелгімен марапатталды.

ҚАНТ ДИАБЕТИ

Қант диабеті – инсулиннің тапшылығы себеп болатын зат алмасудың созылмалы бұзылысы. Мұның нәтижесінде қанда глюкозаның (қант) деңгейі тұрақты түрде жоғары болады. Инсулин — ұйқы безінің гормоны, оның негізгі қызметі қанда қант деңгейін төмендету. Қант диабеті өте кең таралуда. Статистика бойынша әртүрлі мемлекеттерде 1-ден 17%-ға дейін ересектер Қант диабетінің бірнеше түрі болады. 1-ші типті қант диабеті (инсулин тәуелді). Науқас үнемі инсулинді енгізіп отыруы қажет етеді. Балалар мен жастарда жиі кездеседі. 2-ші типті қант диабеті ем - дәм және қант деңгейін төмендететін препараттарды қабылдауды талап етеді. 40 жастан асқан адамдарда жиі кездеседі. Симптоматикалық немесе екіншілік қант диабеті кейбір аурулардың, нақты препараттарды қабылдаудың нәтижесінде дамиды. Гестациялық қант диабеті жүкті әйелдерде кездеседі. Әдетте босанғаннан кейін жойылады. **Қант диабетінің себептері** 1 типті диабет ұйқы безі жасушаларының жойылуымен болады, ал 2 типті диабет кезінде инсулиннің ағза жасушаларымен өзара байланысу механизмі бұзылады. Диабеттің дамуына әсер ететін факторлар: Тұқымқуалаушылық, дұрыс тамақтанбау артық салмақ пен семіздік; ерлерде бел орамы 102 см, әйелдерде 88 см-ден көп болса, олар қауіп-қатер тобына кіреді; физикалық қозғалыстың аз-

дығы, ұйқы безі мен басқа да эндокринді жүйелердің аурулары; вирустық жұқпалы аурулар, қызылша, гепатит, тұмау және т.б.; психикалық жарақаттар мен күйзелістер; Әр он жыл сайын диабетпен ауыру қаупі 2 есе жоғарылайды. Қант диабетін анықтауда негізгі әдіс – глюкоза деңгейін анықтау үшін жүргізілетін қан талдауы. Қазіргі таңда жыл сайын белгіленген нысанадағы адамдарды қандағы қант көтерілуін ерте анықтап, алдын-алу мақсатында скринингтік тексеріс өткізіледі. Клиникалық белгілері: ауыздың құрғауы, үнемі шөлдеу, жиі және көп мөлшерде зәр шығару, кенет салмақ жоғалту немесе салмақ қосу, терінің құрғауы мен қышуы, тершеңдік, шаршағыштық, әлсіздік. Барлық симптомдар кенеттен пайда болмайды, біртіндеп дамиды. Сондықтан 40 жастан асқан адамдарға, ЖРВИ мен тұмау симптомдарымен ұқсас белгілері бар аурулармен ауыратын балаларға глюкоза деңгейін анықтайтын талдауды үнемі жасап тұру керек. Диабеттің жасырын қант диабеті деп аталатын түрі болады. Бұл кезде қант диабетіне тән белгілер болмайды. Нақтырақ айтатын болсақ, белгілі бір симптомдар адамдарда байқалады, бірақ оны қант диабетімен байланыстырмайды. Бұл симптомдарға терідегі бөртпелер, сыздауықтар, терідегі іріңдіктер, тістердің босауы және қызыл иектің қанауы,

жыныстық қызметтің бұзылуы (әсіресе ерлерде), аяқ-қолдың және терінің сезімталдығының төмендеуі, көрудің нашарлауы жатады. Бұл жағдайда глюкоза деңгейі 5,6-6,2 ммоль/л дейін сәл ғана жоғарылауы мүмкін. Осы жағдай 5 жылға дейін созылуы мүмкін, одан әрі жасырын қант диабеті 2-ші типті созылмалы емделмейтін диабетке ауысады. Қант диабетінің асқинуы барлық ағзалар мен жүйелерге әсер етеді. Мысалы, теріге, бүйрекке, тамырларға, жүйке жүйесіне, көру қабілетіне, жыныс жүйесіне әсері анықталады. Әсіресе бүйректер, көз, аяқтар (диабеттік табан) зардап шегеді. Қант диабетінің алдын алуына дұрыс тамақтану мен қозғалмалы өмір салты жатады. Қант деңгейі жоғары қан тамырларды бітеп тастауы мүмкін. Спортпен үнемі шұғылданғанда және көмірсу аз ем дәмді ұстанғанда қан-тамыр жүйесі жақсы жұмыс істеп, диабеттің одан әрі дамуына жол бермейді. Диагноз нақты қойылғанда, науқас үшін ем дәм критикалық фактор болып табылады. Орамжапырақ, қызанақ, қияр, жапырақты салат, жасыл бұршақ, сулы жармасы, сүзбе, қайнатылған ет сияқты азық-түліктер ұсынылады. Тәттілер, піскен нан, тұзды, ащы, қақталған тағамдар, ішімдіктер мен тәтті сусындар (кола, сок), тәтті жеміс-жидектерге тыйым салынады. Қант диабеті — созылмалы ауру, алайда оны бақылауда ұстауға болады. Ең алдымен ем, дұрыс тамақтану және өмір салтын өзгерту керек. **К. ДОСОВА, Дәрігер-эндокринолог.**

Жылу беру маусымын тазарту шарты

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА ДА ӨРТ ОҚИҒАСЫ МЕН ӨРТТЕН ТАРАҒАН КӨЙМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНЫҢ УЛЫ ЕКЕНДІГІ ЖЫЛ САЙЫН АЙТЫЛЫП ТА, ЖАЗЫЛЫП ТА КЕЛЕДІ. АЛАЙДА, НЕМҚҰРАЙЛЫЛЫҚ ӨЛІ ДЕ ӨКІНІШТІ СӨТТЕРДІҢ ОРЫН АЛУЫНА СЕП БОЛЫП ОТЫР.

Сондықтан, жылу беру маусымында орындалуы тиіс талаптарды тағы да бір рет тұрғындардың есіне саламыз! 1. Жылу беру маусымында пештер мен түтіндіктерді күйеден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс; 2. Қатты отынмен жұмыс істейтін пештерінде алдына 0,5 x 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металл табақпен қорғалған болуы тиіс; 3. Жылыту пештері қауқасыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке қарсы бөлгіштермен (жылжитқштармен) қамтамасыз етілуі қажет; 4. Пешпен жылытуды пайдалану кезінде: - от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға; - жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға; - қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға; - пештерді шамадан тыс қыздыруға; - жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта келтіруге; - ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарысз қолдануға; - ақаулары, сызаттары мен саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді. Сонымен қатар, біздің ауданымызда әртүрлі конструкциялы газ аспаптарымен жылытылатын тұрғын үйлер мен ғимараттар бар, осыған байланысты өрттердің алдын алу мақсатын-

да газ аспаптары мен баллондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске саламыз: - тұрмыстық газ аспаптарын газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (оның ішінде ас үй плиталары, су жылыту қазандықтары, газ колонкалары) ғимараттардан тыс жапсарлас құрылыстарда немесе жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда қабырғаның тұйық тұсында кіреберістен кемінде 5 м қашықтықта ғимарат, цокольдық және жергілікті қабаттары орналасады; - балаларға және осы аспаптармен жұмыс істеу ережелерін білмейтін адамдарға газ аспаптарына жол бермеңіз; - газ баллондарын гараждарда, пәтерлерде, балқондарда сақтамаңыз; - газ баллондарын тек мамандандырылған пункттерде ғана толтырыңыз; - пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз; - пәтерлерде газ плиталарын өзіңіз қоспаңыз және ажыратпаңыз; - газ құрылғыларын қосу кезектілігін сақтаңыз; - газ ағып кеткен кезде сіріңкені тұтатпаңыз, темекі шекпеңіз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз; - иіс пайда болған кезде дереу газ қызметі мен өрт сөндіру күшінің қызметкерлерін шақырыңыз. Біз жоғарыда от жағу маусымы кезіндегі және газ аспаптарын пайдалану кезіндегі қарапайым өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді. **Есіңізде болсын!** Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөліміне «101» немесе «112» телефоны бойынша хабарласыңыз!

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

«АУЫЛ АМАНАТЫ», МЕМЛЕКЕТ АУЫЛДАРЫН ДАМУЫҢ АМАНАТЫ ҮШІН НЕ ІСТЕУ ЖАТЫР?

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫН ДАМУЫҒА БАҒЫТТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ЖОБА, ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ ТАРАПЫНАН АУЫЛ ТҮРГЫНДАРЫНЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА ЖӨНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБANYҢ МАҚСАТЫ – АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЛЕУЕТІН ДАМУЫ АРҚЫЛЫ АУЫЛДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ, ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ ЖӨНЕ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДІ НЫҒАЙТУ. БҰЛ БАҒДАРЛАМА АУЫЛ ТҮРГЫНДАРЫНА ТӨМЕН ПАЙЫЗБЕН ЕСИЕ АЛУҒА, ӨЗ БИЗНЕСІН АШУҒА, КЕСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. Жобаның негізгі бағыттары "Ауыл аманаты" бірнеше маңызды бағытта жүзеге асырылады: 1. Ауыл шаруашылығы өндiрiсiн дамыту. Жоба аясында ауыл шаруашылығын қолдауға ерекше көңiл бөлiнiп, мал шаруашылығы, егiншiлiк, балық шаруашылығы сынды салаларды дамытуға қаржы бөлiнедi. Бұл өз кезегiнде жергiлiктi тұрғындарға өз кесiбiн дамытуға мүмкiндiк берiп, аймақтық экономиканың тұрақты дамуына ықпал етедi. 2. Кесiпкерлiктi қолдау және дамыту. Ауылдық кесiпкерлерге төмен пайызбен ұзақ мерзiмдi несиелер ұсынылады. Бұл несиелер ресурстары ауыл тұрғындарына өз iсiн бастауға, заманауи жабдықтар сатып алуға, қажеттi инфрақұрылымды дамытуға және жұмыс орындарын құруға мүмкiндiк бередi. 3. Инфрақұрылымды жақсарту. Ауылдық инфрақұрылымды жақсарту жобаның маңызды мiндеттерiнiң бiрi. Бұған мектептер мен балабақшалар салу, медициналық мекемелердi жабдықтау, жолдарды жөндеу, таза ауыз су және интернетке қол жеткiзудi қамтамасыз ету жатады. 4. Жұмыспен қамту. Жобаның басты мақсаты – ауылда жаңа жұмыс орындарын ашу. Шағын бизнеске қолдау көрсету арқылы ауылдық аймақтарда жұмыссыздық деңгейiн төмендету көзделiп отыр. Ауыл тұрғындары үшін түрлi оқыту курстары мен семинарлар өткiзiлiп, кесiпкерлiктi дамытуға жағдай жасалуда. Жобаның тиiмдiлiгi "Ауыл аманаты" жобасы ауылдық жерлердiң экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етiп, көптеген ауыл тұрғындарының өмiр сапасын жақсартуға мүмкiндiк бередi. Жоба ауылдық жерлердегi

және шаруа қожалықтарына асыл тұқымды мал сатып алуға несиелер мен субсидиялар берiледi. Бағдарлама ауыл шаруашылығын жаңғыртуға, ауылдық жерлердегi мал шаруашылығын дамытып, ауыл экономикасын нығайтуға мүмкiндiк бередi. 5. "Құлан" және "Алтын асық" бағдарламалары "Құлан" және "Алтын асық" бағдарламалары да ауыл шаруашылығындағы мал басу көбейтуге арналған жобалар. "Құлан" бағдарламасы жылқы шаруашылығын дамытуға, ал "Алтын асық" қой шаруашылығын дамытуға бағытталған. Бұл бағдарламалар аясында мал сатып алуға жеңiлдетiлген несиелер берiлiп, ауыл шаруашылығындағы мал санының көбеюiне ықпал етедi. 6. "Өңiрлердi дамыту" бағдарламасы Бұл бағдарлама ауылдық және қалалық аймақтардың инфрақұрылымын дамытуға, тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды жаңғыртуға арналған. Оның негiзгi мақсаты – аймақтардың дамуындағы теңсiздiктердi жою, ауылдық аумақтарда халықтың өмiр сүру сапасын арттыру. "Өңiрлердi дамыту" арқылы сумен жабдықтау, жолдар, әлеуметтік ғимараттарды жөндеу сияқты iрi жобалар жүзеге асырылды. Аталған бағдарламалар ауыл тұрғындарының өл-ауқатын көтеруге, ауылдық аймақтардағы әлеуметтік және экономикалық жағдайды жақсартуға үлкен үлес қосып келедi. Олар ауылдық елдi мекендердегi халықтың тұрақты табыс табуына, инфрақұрылымның жақсаруына және ауыл шаруашылығының дамуына әсер етуде.

«Адырна» ұлттық порталы